

**Талдамалық анықтама**  
**Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының**  
**«Қармақшы аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК –ның сыбайлас жемқорлық**  
**тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша**

25.05.2025 жыл

Жосалы кенті

**КІРІСПЕ БӨЛІМІ:**

1. «Қармақшы аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК -ны (бұдан әрі – *Кәсіпорын*) құрлымдық бөлімдердің қызметіне Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер енгізу туралы) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Кәсіпорынның 2026 жылғы 23 сәуірдегі № 63-Ө-п бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

1. Б.Нысанбаев	бас дәрігер, комиссия төрағасы
2. Н.Зиәдиұлы	бас дәрігердің ішкі аудит және пациент құқығын қорғау ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
3. З.Көпбергенова	кәсіподақ ұйымының төрағасы, комиссия мүшесі
4. Ғ.Ақылов	бас дәрігердің экономика сұрақтары жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
5. Ж.Мұхтарбаева	заңгер, комиссия хатшысы

4.Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылдың 23.04.2026 - 23.05.2026 жыл аралығы.

5.Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2025 жылдық кезеңі және 2026 жылдың 3 айы қамтылды.

6. Кәсіпорын бас дәрігері Б.Нысанбаев комиссия төрағасы ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктеледі.

## СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

### I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- Кәсіпорынның құрлымдық бөлімдерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету, бақылау – қадағалау қызметтерін іске асыру және ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

### II. Талданатын объект туралы мәліметтер:

- Кәсіпорын қызметінің мәні Қармақшы аудан халқына медициналық қызмет көрсету болып табылады.
- Кәсіпорын қызметінің мақсаты шаруашылық - өндірістік қызметтерді жүзеге асыру негізінде медициналық көмек көрсету болып табылады.

1. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) алғашқы медициналық санитарлық көмек: дәрігерге дейінгі, шұғыл медициналық көмек;

2) жедел медициналық көмек;

3) диагностика: патологиялық анатомиясы, рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функционалдық, эндоскопиялық;

4) зертханалық диагностика: бактериологиялық, биохимиялық, иммунологиялық зерттеулер, адамның иммун тапшылығы вирусының зертханалық диагностикасы (АИТВ-диагностикасы), жалпы клиникалық, серологиялық, цитологиялық зерттеулер;

5) қан мен оның компоненттерін сақтау;

фармацевтикалық қызметте: дәрілік заттарды дайындау; есірткі құралдары, психотроптық заттарды және прекурсорларды алу, сақтау, тарату, қолдану және жою;

6) ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша консультациялық-диагностикалық және (немесе) стационарлық медициналық көмек: акушерлік және гинекологиялық, педиатрия, неонатология, диетология, инфекциялық аурулар, анестезиология және реаниматология;

терапия: жалпы терапия, невропатология, кардиология, нефрология, профпатология, ревматология, пульмонология, эндокринология, аллергология (иммунология), гематология;

хирургия: жалпы хирургия, хирургия (іріңді, абдоминалды) ангиохирургия, оториноларингология, офтальмология, трансфузиология, урология, травматология және ортопедия; дерматовенерология; психиатрия: наркология, психотерапия; фтизиатрия; онкология; стоматология;

7) дәстүрлі медицина: гомеопатия, гирудотерапия, мануалдық терапия, рефлексотерапия, фитотерапия;

8) стационарды алмастыратын медициналық көмек (күндізгі стационар);

9) медициналық реабилитология: физиотерапия, емдік дене шынықтыру, массаж;

10) еңбекке уақытша жарамсыздық және жарамды сараптамасы;

11) туберкулезге қарсы диспансерлердің амбулаториялық-емханалық көмек көрсету.

Кәсіпорында құрлымдық бөлімше жұмыс жасайды:

1. Есеп бөлімі.
2. Мемлекеттік сатып алу бөлімі.
3. Заңгер
4. Кадр бөлімі.
5. Экономика бөлімі.
6. Медициналық көмек көрсету бойынша емханалық және аурухана бөлімдері.

Мекен-жайы: Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, А.Құнанбаев № 105  
БИН 140640021292 Тел:8(72437)21053 e-mail: [rp\\_karmakshy@mail.ru](mailto:rp_karmakshy@mail.ru)

**III. Кәсіпорынның қызметіне, оны ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Қазақстан Республикасының Кодекстерін, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерін, Кәсіпорын өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

**Кәсіпорын өз қызметінде келесідей нормативтік құқықтық актілерін пайдаланылады:**

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізудің кейбір мәселелері туралы» 16.07.2020 жылғы № 451 қаулысы;

- Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы

**Нормативтік құқықтық актіні талдау жүргізу нәтижесінде мынадай қызметтердің процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтары байқалуда:**

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жүргізілген ішкі талдау барысында төменде келтірілген кейбір ықтимал тәуекелдер анықталды. Бұл тәуекелдер нақты бұзушылықты білдірмейді, бірақ алдын алу және болдырмау үшін назарда ұстауға тиіс жайттар болып табылады.

### **1. Кадрлық ұйымдастыруға байланысты тәуекелдер**

Қызметке қабылдау барысында конкурстық рәсімдердің толық сақталмауы немесе іріктеу кезінде субъективті көзқарастың әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайлар нақты фактілермен дәлелденбесе де, ашықтық пен әділдік қағидаларын сақтау маңызды.

### **2. Қаржы және сатып алуға қатысты тәуекелдер**

Мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыруда рәсімдердің ашықтығы мен айқындылығына ерекше көңіл бөлінуі қажет. Қазіргі уақытта нақты заң бұзушылықтар анықталмағанымен, кейбір жағдайларда құжаттаманың дұрыстығы мен рәсімделу сапасына, техникалық ерекшеліктері сапасына көңіл бөлуді қажет.

### **3. Медициналық қызмет көрсету саласындағы тәуекелдер**

Тегін көрсетілуі тиіс медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасына қатысты түсініспеушіліктер туындауы мүмкін. Бұл ретте тұрғындармен кері байланысты күшейту және қызмет көрсету стандарттарын нақты түсіндіру маңызды.

### **4. Құжат айналымы және есептілік туралы тәуекелдер**

Құжаттарды толтыру және есептілікті жүргізу барысында техникалық қателіктер немесе сәйкессіздіктер орын алуы ықтимал. Бұл жүйелі сипатта емес, алайда алдын алу мақсатында құжаттарды рәсімдеу тәртібін қатаң сақтау қажет.

### **5. Басшылық функцияларына қатысты тәуекелдер**

Бөлім басшылары тарапынан басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде жеке көзқарас немесе субъективтілік ықпалы орын алуы ықтимал. Мұндай жағдайлар қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану қатарына жатпайды, дегенмен, ішкі бақылау тетіктерін күшейтіп, шешім қабылдау кезінде ашықтық пен әділеттілік қағидаттарын ұстану маңызды.

### **ҰСЫНЫМ:**

1. Қызметке қабылдау рәсімдерін конкурс негізінде және ашық түрде өткізу тәжірибесін тұрақтандыру. Кадрлық іріктеу кезінде кәсіби және біліктілік талаптарын сақтау.
2. Сатып алу рәсімдерін жоспарлау мен өткізуде цифрлық құралдарды пайдалану, ішкі бақылауды арттыру. Құжаттаманың дұрыстығы мен толықтығына назар аудару.
3. Халықты тегін және ақылы қызметтер туралы хабардар ету жұмыстары. Пациенттермен кері байланыс арналарының қолжетімділігін арттыру.
4. Электронды құжат айналымы жүйесін тиімді қолдану. Құжаттарды рәсімдеу тәртібі мен мерзімін сақтау бойынша жүйелі бақылау жүргізу.
5. Басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде ұжымдық талқылау мен ашықтық қағидатын ұстану. Этикалық нормаларды сақтау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

### **IV. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.**

Қармақшы аудандық ауруханасы ШЖҚ КМК-ны 703 қызметкер жұмыс жасайды. Кәсіпорынға жұмысқа қабылданған және шыққан қызметкерлер:

#### **2025 жылы жұмысқа қабылданған саны 36 қызметкер:**

Оның ішін 10 дәрігер, 19 орта буын, 3 басқада, 4 тех қызметкер.  
Жұмыстан шыққандар 38 қызметкер: Оның ішінде 8 дәрігер, 22 орта буын, басқада 4, тех қызметкер 4.

#### **2026 жылдың 3 айы бойынша:**

Жұмысқа қабылданған саны 20 қызметкер: дәрігер 2. Орта буын 17. Басқада 6. Тех қызметкер 4.

Жұмыстан шыққандар саны 10 қызметкер: дәрігер 2. Орта буын 11. Басқада 2. Тех қызметкер 6.

#### **Тәртіптік жауапкершілікке қатысты;**

1. Тәртіптік жазалар бойынша:
2. 2025 жылдың 12 айында 66 медицина қызметкеріне шара қолданылған.
3. 2026 жылдың 3 айы бойынша 16 қызметкерге тәртіптік шара қолданылған.

Қазіргі таңда Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисінен алынған мәліметтерге сәйкес, бөлім қызметшілері әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылық әрекеттерін жасамағандықтары анықталды.

2026 жылы мекемеде сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық мәселелер немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

### **Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселерінің реттелмеуі,**

Кәсіпорында қызметкерлерді іріктеу мен тағайындау барысында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

**Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.**

Кәсіпорындағы бос жұмыс орынға қызметкерді жұмысқа алу кезінде конкурс өткізілмейді.

**Іріктеу кезендерін өткізу мерзімдерінің болмауы** (бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу және т.б.).

Кәсіпорынның кадр жөніндегі маман бос жұмыс орындару туралы ақпаратты «Еңбек кз» сайтына орналастырады.

**Әңгімелесу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау тетігінің болмауы.**

Кәсіпорындағы бос жұмыс орнына кандидатпен тек әңгімелесу жүргізіледі. Тесттен өткізу жүргізілмейді.

### **Кандидаттар үшін әркелкі жағдайлар жасау.**

Кандидаттарды жұмысқа қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптары қатаң сақталады.

Үміткерлерді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етпеу.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс. Кәсіпорын тарапынан мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау максатында тиісті шаралар қабылданады.

Тікелей бас дәрігер қызметкердің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауға, оның ішінде:

- 1) мүдделер қақтығысы соған байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша қызметкердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруды басқа қызметкерге тапсыруға;
- 2) қызметкердің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;
- 3) мүдделер қақтығысын жою жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға тиіс.

Қызметкердің, оның тікелей директор және мемлекеттік органның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

**Жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру.**

Қызметкерлерге конкурстық іріктеу жүргізілмейді, лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру фактілері орын алмаған.

**Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы.**

Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу заңнамалардың негізінде жүзеге асырылады. Қызметкерлердің лауазымдық айлықтарына үстемеақылар белгілеу тәртібі мен шарттарын тиісті заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылып келеді.

**Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.**  
Қызметкерді көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады. Тәртіптік жазалары бар қызметкерлерге Кәсіпорын тарапынан сыйақы берілмейді.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдары**

Сыбайлас тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Персоналды	Қызметке	Субъективтілік,	Орташа

басқару бөлімі	қабылдау, конкурстық комиссия жұмысы	ашықтықтың болмауы	
Шаруашылық және мемлекетті сатып алу бөлімі	Сатып алуды жоспарлау және өткізу	Құжаттарды рәсімдеудегі сәйкессіздік	Орташа
Емхана меңгерушісі	Медициналық қызметтерді ұйымдастыру	Тегін қызметтердің қолжетімділігі, сапасы	Орташа
Бас есепші	Қаржылық есептілікті жүргізу, құжаттарды рәсімдеу	Қателіктер, бақылаудың әлсіздігі	Орташа
Бөлім басшысы	Басқарушылық шешім қабылдау	Субъективтілік, жеке көзқарас әсері	Орташа

#### V. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

#### VI. Мемлекеттік қызмет көрсету.

Мемлекеттік қызметтер бойынша Қармақшы аудандық ауруханасы 7 қызмет түрі көрсетіліп келеді.

1. «Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту»
2. «Дәрігердің қабылдауына жазылу»
3. «Дәрігерді үйге шақыру»
4. «Медициналық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама алу»
5. «Медициналық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру»
6. «Медициналық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру»
7. «Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру»

#### VII. Рұқсат беру функцияларын іске асыру,

#### VIII. Бақылау функцияларын іске асыру;

Бақылау-қадағалау қызметтерін іске асыру және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелердегі сыбайлас жемқорлық

тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша: Қармақшы аудандық ауруханасы рұқсат беру және бақылау – қадағалау Функциялары жоқ.

### IX. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Кәсіпорында 2025 жылы 12 айында 4521616,6 мың теңге қаржы түскен. Бөлінген қаржы толықтай игерілген.

2026 жылдың 3 айы бойынша 1029796,7 мың теңге қаражат түскен, толықтай игерілген.

### Қармақшы аудандық ауруханасы 2025 жылдың 12 айында сот процесінде қаралған істер бойынша

Қармақшы аудандық ауруханасы бойынша 2025-2026жылдары мемлекеттік сатып алу саласына қатысты сот істері бойынша ақпарат

№	Жауапкер	Сатып алу түрі	Талап/Конкурс	Сот/Судья	Ескертпе
<b>2025 жыл</b>					
1	«ASTANA GROUP» ЖСН 961023451197	№ 13755266-ЗЦПІ «Бағалы ұсыныныстарға сұраным»	«ASTANA GROUP» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуын	Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов	Соттың 2025 жылғы 23 сәуіріндегі № 4360-25-00-2/788 шешіміне сәйкес талап арыз қанағаттандырылды
2	«Талипов» атауымен әрекет етуші Дамир Бахтиярович Талипов, ЖСН 881027302375	14297757-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу»	Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және шарттың күшін жою туралы	Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов	мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және шарттың күшін жою туралы талап қоюы қараусыз қалдырылды
	Shyngystaustyle БСН/ЖСН 630919401061	06.11.2025 жылғы №15640872-ЗЦПІ «Бағалы ұсыныныстарға сұраным»	мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану	Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.А.Садуақасова	Соттың 2026 жылғы 30 қаңтар №4360-25-00-2/3324 шешіміне сәйкес талап арыз қанағаттандырылды
	"Net connect" жауапкершілігі і шектеулі серіктестігі БСН/ЖСН 110340005549	№ 14734167-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу»	мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану	Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов	Соттың 2025 жылғы 22 желтоқсан № 4360-25-00-2/2847 шешіміне сәйкес талап арыз мемлекеттік сатып алуға

					жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылды
<b>2026 жыл</b>					
"YERZU" ЖШС БСН/ЖСН 251240003301	№16437845-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу»	мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану	Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов		Сот процесі жүруде

2025 жылдың 12 айында Қармакшы аудандық ауруханасы Амбулаториялық көмекке жүгінгендер саны 214340, стационарлық көмекке көрінгендер 5693 науқас емделіп шыққан. Күндізгі бөлімге 6279 науқас емделіп шыққан.

2025 жылдың 12 ай қорытындысы бойынша: 4606 науқас еңбек жарамсыздық парағында шыққан. Мүгедектікке алғаш шыққандар саны 69 .

2026 жылдың 3 айында Амбулаториялық көмекке жүгінгендер саны 52480, стационарлық көмекке көрінгендер 1426 науқас емделіп шыққан. Күндізгі бөлімге 1583 науқас емделіп шыққан.

2026 жылдың 3 ай қорытындысы бойынша: 925 науқас еңбек жарамсыздық парағында шыққан. Мүгедектікке шыққандар саны 23

#### **XI. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.**

Мекемеде «Е-Өтініш», «Е-Лицензия» «Enbek.kz» автоматтандырылған ақпараттық жүйелері пайдаланылады.

#### **XII. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.**

*Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау:*

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес азаматтар мен ұйымдардың арыз-шағымдары уақытылы қаралып, жауаптар қайтарылуда. Е-Өтініш бойынша келіп түскен өтініштерді тіркеу және қарау бойынша күнделікті есептілік нысаны "Қармакшы аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына 2025 жылдың 12 айда барлығы 64 өтініш келіп түскен. Есептілік мерзімінде құжаттарды орындау мерзімін бұзуға жол берілмеген. 2026 жылдың 3 айында 41 өтініш келіп түскен.





Азаматтар мен заңды тұлғалардан қолданыстағы заңнаманы бұзу мәселелері сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттеріне байланысты өтініштер келіп түспеген. Есепті мерзімде сыбайлас жемқорлыққа байланысты мемлекеттік қызметшілер тарапынан құқық бұзушылық туралы арыз-шағымдар түспеген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша **ҰСЫНЫМ:**

1. Кадрлық үдерістерге байланысты
  - Іріктеу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етіп, әділдік қағидаттарын сақтау ұсынылады.
2. Қаржы және сатып алуға қатысты
  - Құжаттаманың дұрыстығын арттырып, сатып алу рәсімдерінде ашықтықты нығайту маңызды.
3. Медициналық қызмет көрсету саласында
  - Қызмет сапасы мен қолжетімділігіне қатысты түсіндіру жұмыстарын күшейту ұсынылады.
4. Құжат айналымы және есептілік
  - Құжаттарды рәсімдеу кезінде дәлдікке көңіл бөліп, ішкі бақылауды жақсарту қажет.
5. Басшылық функцияларына қатысты
  - Шешім қабылдау барысында әділеттілік пен ашықтықты ұстану ұсынылады.

**«КЕЛІСІЛДІ»**

**Жұмыс тобы мүшелері:**

2. Н.Зиәдиұлы	
3. З.Көпбергенова	
4. Ғ.Ақылов	
5. Ж.Мұхтарбаева	

*Қарау және тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды:*

Бас дәрігер



**Б.Нысанбаев**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп**

№	Тәуекел түрі	Атқарылған іс-шаралар	Жалпы бағалау
1	Кадрлық үдерістерге байланысты	Қызметке қабылдау рәсімдері ашық және объективті форматта жүзеге асырылды. Үміткерлермен жүргізілген сұхбаттар және шешімдер тиісті құжаттармен рәсімделді.	Іріктеу тәртібінің ашықтығы қамтамасыз етіліп, бұл бағыттағы тәуекелдер елеулі түрде төмендеді.
2	Қаржы және сатып алу саласына қатысты	Сатып алулар рәсімдерін ұйымдастыруда ашықтық күшейтілді. Құжаттардың толықтығы мен дәлдігі қамтамасыз етіліп, бақылау тетіктері жүйелендірілді.	Қаржылық рәсімдердің айқындығы артты, сәйкесінше тәуекел ықтималдығы азайып отыр.
3	Медициналық қызмет көрсетуге қатысты	Тұрғындарды тегін және ақылы қызметтер туралы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, кері байланыс арналары қолжетімді етілді.	Пациенттердің ақпаратқа қолжетімділігі жақсарып, бұл бағыттағы тәуекелдер нақты деңгейде басқарылып отыр.
4	Құжат айналымы және есептілікке қатысты	Электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы құжаттардың дәлдігі мен толықтығын сақтау тәжірибесі енгізілді. Құжаттық тәртіп тұрақты	Құжат рәсімдеу сапасы жақсарып, сәйкесінше бұзушылыққа жол берілмейтін орта қалыптасты.

		бақылауда.	
5	Басшылық функцияларына байланысты	Басшыларға этикалық нормалар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Басқарушылық шешімдер ұжыммен келісу арқылы қабылдануда.	Басқару саласында ашықтық күшейіп, бұл тәуекел түрі бойынша тұрақтылық қамтамасыз етілді.

Жоғарыда көрсетілген іс-шаралар жоспарлы түрде орындалып, нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Ішкі бақылау мен ұйымдастыру шараларының күшейтілуі арқасында талдау барысында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері едәуір деңгейде азайтылып, қазіргі таңда бұл бағыттарда тұрақтылық қалыптасқан. Аурухана ұжымы арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту жұмыстары жалғасуда.

## Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдары

Сыбайлас тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Персоналды басқару бөлімі	Қызметке қабылдау, конкурстық комиссия жұмысы	Субъективтілік, ашықтықтың болмауы	Орташа
Шаруашылық және мемлекетті сатып алу бөлімі	Сатып алуды жоспарлау және өткізу	Құжаттарды рәсімдеудегі сәйкессіздік	Орташа
Емхана меңгерушісі	Медициналық қызметтерді ұйымдастыру	Тегін қызметтердің қолжетімділігі, сапасы	Орташа
Есеп бөлімі	Қаржылық есептілікті жүргізу, құжаттарды рәсімдеу	Қателіктер, бақылаудың әлсіздігі	Орташа
Бөлім басшысы	Басқарушылық шешім қабылдау	Субъективтілік, жеке көзқарас әсері	Орташа



Бөкітемін  
«Қармақшы аудандық аурухана»  
ШЖҚ КМК-ның бас дәрігері Б.Нысанбаев  
«29» 05 2026 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары  
«Қармақшы аудандық аурухана» ШЖҚ КМК-ны

№	Тәуекел түрі	Іс-шаралар	Жауапты тұлғалар	Мерзімі	Күтілетін нәтиже
1	Кадрлық үдерістерге байланысты	Қызметке қабылдау рәсімдерін конкурс негізінде және ашық түрде өткізу тәжірибесін тұрақтандыру. Кадрлық іріктеу кезінде кәсіби және біліктілік талаптарын сақтау.	Кадр бөлімі, бөлім басшылары	Үнемі	Іріктеу үдерісінің әділетті және ашық түрде жүзеге асуы
2	Қаржы және сатып алу саласына қатысты	Сатып алу рәсімдерін жоспарлау мен өткізуде цифрлық құралдарды пайдалану, ішкі бақылауды арттыру. Құжаттаманың дұрыстығы мен толықтығына назар аудару.	Сатып алу бөлімшесі, бухгалтерия	Тұрақты	Қаржы рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету, тәуекел деңгейін төмендету
3	Медициналық қызмет көрсетуге қатысты	Халықты тегін және ақылы қызметтер туралы хабардар ету жұмыстары. Пациенттермен кері байланыс арналарының қолжетімділігін арттыру.	Емдеу ісі жөніндегі орынбасар, қабылдау бөлімі	1 ай ішінде және тұрақты негізде	Пациенттердің құқықтары мен қызметке сенімділігін арттыру
4	Құжат айналымы және есептілікке қатысты	Электронды құжат айналымы жүйесін тиімді қолдану. Құжаттарды рәсімдеу тәртібі мен мерзімін сақтау бойынша жүйелі бақылау жүргізу.	Әкімшілік-шаруашылық бөлім, жауапты мамандар	Үнемі	Құжаттық рәсімдердің сапасын арттыру және сәйкессіздіктерді азайту
5	Басшылық функцияларына байланысты	Басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде ұжымдық талқылау мен ашықтық қағидатын ұстану. Этикалық нормаларды сақтау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	Бас дәрігер, бөлім басшылары	Ай сайынғы негізде	Басқару үдерісінің әділеттілігі мен ішкі сенімнің артуы

## **Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері**

### **1. Кадрлық ұйымдастыруға байланысты тәуекелдер**

Қызметке қабылдау барысында конкурстық рәсімдердің толық сақталмауы немесе іріктеу кезінде субъективті көзқарастың әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайлар нақты фактілермен дәлелденбесе де, ашықтық пен әділдік қағидаттарын сақтау маңызды.

### **2. Қаржы және сатып алуға қатысты тәуекелдер**

Мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыруда рәсімдердің ашықтығы мен айқындылығына ерекше көңіл бөлінуі қажет. Қазіргі уақытта нақты заң бұзушылықтар анықталмағанымен, кейбір жағдайларда құжаттаманың дұрыстығы мен рәсімделу сапасына, техникалық ерекшеліктері сапасына көңіл бөлуді қажет.

### **3. Медициналық қызмет көрсету саласындағы тәуекелдер**

Тегін көрсетілуі тиіс медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасына қатысты түсініспеушіліктер туындауы мүмкін. Бұл ретте тұрғындармен кері байланысты күшейту және қызмет көрсету стандарттарын нақты түсіндіру маңызды.

### **4. Құжат айналымы және есептілік туралы тәуекелдер**

Құжаттарды толтыру және есептілікті жүргізу барысында техникалық қателіктер немесе сәйкессіздіктер орын алуы ықтимал. Бұл жүйелі сипатта емес, алайда алдын алу мақсатында құжаттарды рәсімдеу тәртібін қатаң сақтау қажет.

### **5. Басшылық функцияларына қатысты тәуекелдер**

Бөлім басшылары тарапынан басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде жеке көзқарас немесе субъективтілік ықпалы орын алуы ықтимал. Мұндай жағдайлар қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану қатарына жатпайды, дегенмен, ішкі бақылау тетіктерін күшейтіп, шешім қабылдау кезінде ашықтық пен әділеттілік қағидаттарын ұстану маңызды.

Талдамалық анықтаманы тапыстыру жөнінде

өткізілген жиналыс хаттамасы

№: 02-ХТ

Күні: 2026 жылғы 26 мамыр

Өткізілген орны: Қармақшы аудандық ауруханасы

Төрағасы: Бас дәрігердің орынбасары

Хатшы: Ішкі бақылау бөлімінің маманы

Қатысқандар:

- Бас дәрігердің орынбасары
- Бөлім менгерушілері
- Кадр, қаржы және әкімшілік бөлімдерінің өкілдері
- Ішкі бақылау және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің мамандары

Күн тәртібі:

Қармақшы аудандық ауруханасында жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары бойынша дайындалған талдамалық анықтаманы таныстыру және ұсынымдарды талқылау.

Талқылау:

Жиналыс барысында ішкі бақылау және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі тарапынан әзірленген талдамалық анықтама таныстырылды. Анықтама аясында талдау нәтижелері, тәуекелдердің ықтималдығы, себептері мен оларды төмендету бойынша ұсыныстар қамтылды. Қатысушылар тарапынан ұсынылған іс-шаралар қолдау тауып, алдағы кезеңдерде оларды жүзеге асыру жолдары қарастырылды.

Шешімдер:

1. Талдамалық анықтамада көрсетілген ұсынымдарды бөлім басшылары мен жауапты мамандарға таныстыру.
2. Ұсыныстар негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған нақты іс-шаралар жоспарын орындау.
3. Әр бөлім тарапынан атқарылған жұмыстар бойынша ай сайынғы есеп беруді қамтамасыз ету.
4. Ішкі бақылау бөлімінің ұсынымдарын жүйелі түрде қарастырып отыру.

Төраға: \_\_\_\_\_ (қолы, аты-жөні)

Хатшы: \_\_\_\_\_ (қолы, аты-жөні)

